	<b>Шымкент университеті</b>	
	Сапа менеджмент жүйесі Эдвайзер туралы ереже	беті. 1 из 8

  
**БЕКІТЕМІН**  
 Шымкент университетінің  
 ректоры, п.ғ.д, профессор  
**Н.А. Сейітқұлов**  
 2023 ж.


## САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

### Эдвайзер туралы


#### ЕРЕЖЕ

**СМЖ ШУ УЕ 01-14-2023**

қызметі	қолы	А.Ж.Т.
<b>Келісілді:</b>		
Академиялық мәселелер және стратегиялық даму жөніндегі проректор		Керімбекова А.А.
Стратегиялық даму және ішкі сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы		Айдарова А.А.
Заң қызметінің басшысы		Асилханов Н.С.


қызметі	қолы	А.Ж.Т.
<b>Әзірлеген:</b>		
Офис тіркеу бөлімінің басшысы		Тұрар Б.І.

Құжаттың жарамдылық мерзімі: « <u>27</u> » <u>10</u> 20 <u>23</u> ж. « <u>27</u> » <u>10</u> 20 <u>26</u> ж. дейін	Енгізілді: № <u>212-245</u> бұйрық  Енгізілген күні: « <u>27</u> » <u>10</u> 20 <u>23</u> ж.	СМЖ ШУ УЕ 01-14-2023  Басылым 2  Тіркеу № <u>14</u>  Көшірме № <u>1</u>
ұзартылды: « <u>  </u> » _____ 20 <u>  </u> г.		

	<b>Шымкент университеті</b>	
	<b>Сапа менеджмент жүйесі</b> <b>Эдвайзер туралы ереже</b>	беті. 2 из 8

## Мазмұны

1 Жалпы ережелер	3
2 Эдвайзердің міндеттері	4
3 Эдвайзер құқығы	4
4 Білім алушылардың білім алу траекториясын таңдау ережесі	5
4.1 Сілтемелік құжаттар	6
А қосымшасы Танысу парағы	7
Б қосымшасы Өзгерістерді тіркеу парағы	8

	<b>Шымкент университеті</b>	
	<b>Сапа менеджмент жүйесі</b> <b>Эдвайзер туралы ереже</b>	беті. 3 из 8

## **1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

2.2 Эдвайзер (Advisor) – білім алушының білім беру бағдарламасы бойынша академиялық жетекшісі болып табылатын, білім алу траекториясын таңдауда (білім алушының жеке жоспарын жасауда) және оқу кезеңінде білім бағдарламасын меңгеруде жәрдем көрсетіп отыратын оқытушы.

2.3 Эдвайзер білім алушылардың академиялық қызығушылықтарын арттырады, оқу үдерісін ұйымдастыру бойынша барлық қажетті ақпараттық материалдарды дайындауға қатысады.

2.4 Эдвайзердің көмегімен білім алушы оқу жұмыс жоспары (ОЖЖ) мен білім беру бағдарламасы бойынша элективті пәндер каталогы негізінде жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) құрастырады. Эдвайзердің көмегімен білім алушы элективті пәндер каталогынан пәнге тіркелу барысында кәсіби бағыт-бағдар беріп отырады. Таңдалған пәндер бойынша пәнге тіркеу парығында көрсетілуі және үлгі бойынша толтырылуы қажет.

2.5 Эдвайзер профессор-оқытушылар құрамынан тағайындалады. Эдвайзер тізімі факультет деканымен бекітіледі.

2.6 Эдвайзер міндетін атқарудан босату факультет деканының өкімімен жүзеге асырылады.

2.7 Эдвайзер білім алушының жеке оқу жоспарындағы арнайы пәндер саласына қажетті ғылыми ой-өріске ие болу керек; корпоративтік және кәсіби этиканы сақтай отырып, ОПК және білім алушымен қарым-қатынаста болу керек; өз жұмысын шығармашылықпен атқаруы тиіс.

2.8 Деканаттар кафедра меңгерушілерімен бірлесе отырып, эдвайзерлердің жұмысын қадағайлайды және ағымдағы мәселелерді шешу барысында көмек көрсетеді.

2.9 Эдвайзер білім алушының оқу кезеңінде ұйымдастыру-әдістемелік және кеңес беру жұмыстарын жүзеге асырады.

2.10 Эдвайзер білім алушының жеке білім алу траекториясын құрастыруда және білім бағдарламасын игеруде білім алушыға көмек береді.

2.11 Эдвайзер білім алушылардың ЖОЖ-ға енетін арнайы пәндер саласындағы қажетті ғылыми дүниетанымды меңгеруі қажет. ПОҚ пен білім алушылардың тығыз қарым-қатынасын демеуі, корпоративті және кәсіби этика ережелерін басшылыққа алуы, өзінің жұмысына шығармашылық қатынаста болуы керек.


2.12 Эдвайзер білім алушылардың барлық оқу кезеңі барысында ұйымдастыру-әдістемелік және кеңес беру жұмыстарын жүргізеді.

2.13 Эдвайзер білім алушыларға оқитудың жеке траекторияларын қалыптастыруға және білім беру бағдарламаларын меңгеруге көмек көрсетеді.

2.14 Эдвайзер білім алушыларға болашақ мамандығы бойынша қызмет орнын дұрыс таңдауына, ғылыми-зерттеу бағыттарын анықтауына, ғылыми жетекші, дипломдық жұмыс тақырыптарын таңдауына, кәсіби іс-тәжірибе базаларын анықтауына көмек көрсетуі мүмкін.

2.15 Білім алушы тек қана кәсіби сауатты ғана емес, сонымен қатар, үйлесімді дамыған маман болуы қажет. Осыған байланысты эдвайзер қызметі Қазақстанның, Түркі дүниесінің рухани құндылықтары мен тарихи тәжірибелері негізінде білім алушылардың жеке тұлғасын дүниетанымдық, азаматтық негізде қалыптастыруға бағытталған болуы қажет.

2.16 Эдвайзер жұмысы университет профессор-оқытушылары қызметінің басты көрсеткіші болып табылады және оның нәтижелері ПОҚ бос орын қызметіне байқау бойынша өтуі, университет ректораты тарапынан марапаттауы барысында ескеріледі.

	<b>Шымкент университеті</b>	
	<b>Сапа менеджмент жүйесі</b> <b>Эдвайзер туралы ереже</b>	беті. 4 из 8

## **2 ЭДВАЙЗЕРДІҢ МІНДЕТТЕРІ**

2.1 Сабақ басталған соң бір айдың ішінде студенттерді университет Жарғысымен, факультет құрылымымен, ішкі тәртіп ережелерімен таныстыру және аталған міндеттерді студенттердің орындауын құжатпен рәсімдеу.

2.2 Эдвайзердың басты мақсаты – білім алушылардың білім беру бағдарламалары ЖОЖ аясында білім алу траекториясының таңдамалығы негізінде өзін-өзі қалыптастыруы қабілеттерін дамыту.

2.3 Студенттерді университеттегі оқу үдерісінің ұйымдастырылу ерекшеліктерімен, оқытудың кредиттік технологиясымен, ағымдық, аралық және қорытынды бақылау ережелерімен таныстыру.

2.4 Осы ережеден және қолданыстағы нормативтік-құқықтық құжаттардан туындайтын міндеттерге байланысты өзіне бекітілен студенттермен топтық және жеке жұмыс жасауға арналған жылдық жоспар дайындау.

2.5 Білім алушының оқу жоспары пәндерін таңдауына, пәндерге тіркелуіне кеңестер беру және олардың ЖОЖ құруларына көмек беру.

2.6 Студенттерді ұжымдық белсенділік пен ұйымшылдыққа, отан сүйгіштікке, өз университетіне деген құрметке баулуға, мемлекеттік рәміздер мен өз халқының тарихы мен салт-дәстүрлерін білуіне ықпал ету.

2.7 Қарамағындағы студенттердің оқу үлгерімін ұдайы қадағалап, тіркеу офисімен тікелей қарым-қатынаста жұмыс істеу.

2.8 Студенттерді пәндік олимпиадаларға, мамандануына сай жарыстарға, конкурстарға және байқауларға қатыстыруға бағыт беру.

2.9 Кафедра мәжілістерінде семестр, оқу жылы бойы атқарған жұмысы туралы есеп беру

2.10 Эдвайзер білім алушыға толық оқу кезеңінде жетекшілік ету.

2.11 Эдвайзер білім алушыға болашақ мансабына байланысты мәселелерді шешуге, зерттеу жұмысының бағытын анықтауға, ғылыми жетекшіні таңдауға, біліктілік бітіру жұмысының тақырыбын таңдауға, кәсіби тәжірибеден өту базасын таңдауға көмектесіп, кеңес беру.

## **3 ЭДВАЙЗЕР ҚҰҚЫҒЫ**

3.1 Университеттегі және факультеттегі оқу жұмысының жоспарын, студенттердің мүдделері мен қызығушылықтарын ескере отырып, оқу тобындағы оқу жұмыстарының міндеттері мен мақсаттарын жүзеге асырудың әдістері мен құралдарын, формасын өзбетінше таңдауға.

3.2 Университет Ғылыми кеңесінде, факультет кеңесінде және кафедра мәжілісінде студенттердің оқу жұмыстарын жақсарту бойынша ұсыныстар беру.


3.3 Алдын ала оқытушылармен келісе отырып, академиялық топта өткізілетін дәрістік, семинар, практикалық және басқа да сабақтарға қатысу.

3.4 Барлық пәндер бойынша ағымдық, аралық және қорытынды бақылау өткізу тәртібінің қадағалануын тексеру.

3.5 Академиялық топ студенттерінің ата-аналарымен және туыстарымен байланыс жасау үшін университет компьютерлік техникасы, интернет желісі мүмкіндіктерін пайдалану.

3.6 Академиялық топқа және жекелеген студенттерге қатысты мәселелерді талқылауға қатысу.

3.7 Кафедралардан элективті пәндер саны және олардың сипаттамасы туралы толық ақпараттың мерзімінде ұсынылуын талап ету.

	<b>Шымкент университеті</b>	
	<b>Сапа менеджмент жүйесі</b> <b>Эдвайзер туралы ереже</b>	беті. 5 из 8

- 3.8 Студенттерді мадақтауға немесе оларға әкімшілік шаралар қолдануға ұсыныстар жасау.
- 3.9 Эдвайзер білім алушыға білім алу траекториясын таңдаумен қатар, жеке тұлғалық қалыптасу траекториясын таңдауға да көмектесу.
- 3.10 Білім алушының шығармашылық қабілетін жүзеге асырудың университеттегі мүмкіншіліктері туралы ақпарат беру.

#### **4 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ АЛУ ТРАЕКТОРИЯСЫН ТАҢДАУ ЕРЕЖЕСІ**

4.1 Жоғарғы және жоғары оқу орнынан кейінгі білім МЖМБС-ның негізінде міндетті компоненттер, Университет ұсынған компоненттер және элективті пәндер каталогы негізінде білім алушы оқудың жеке траекториясын өз бетінше қалыптастырады. Білім алушы жеке оқу жоспарында көрсетілетін міндетті және элективті пәндердің қажетті санын таңдайды. Білім алушылардың жеке оқу жоспарларына сәйкес білім беру бағдарламасы бойынша бір оқу жылына оқу жұмыс жоспарлары құрастырылады.

4.2 Білім алушы ЖОЖ-дың құрастырылуына және білім беру бағдарламасының жұмыс оқу жоспарының талаптарына сәйкес оқу курсына толық меңгеруге жауапты.

4.3 Жеке оқу жоспары эдвайзердің жетекшілігімен бір оқу жылына құрастырылады.

4.4 Магистранттардың оқуын жеке жоспарлауына олардың ғылыми жетекшілері (кеңесшілер) қатысады.

4.5 Таңдау пәндері туралы мәлімет, сондай-ақ олардың қысқаша мазмұны элективті пәндер (модульдер) каталогында көрсетіліп, кафедралар және эдвайзерлер арқылы білім алушылардың назарына ұсынылады; сонымен қатар «Portal.univershu.kz» жүйесінде енгізіледі

4.6 Модульдерді таңдау барысында пәндерді оқып-игерудің бірізділігі міндетті түрде ескерілуі тиіс. Білім алушы алдыңғы семестрде осы пәннің перереквизиттерін меңгермеген болса, онда ол бұл пәнге тіркеле алмайды.

4.7 Бірізділікті сақтау мақсатымен академиялық қарыздарды келесі теориялық оқыту кезеңдерінде жою мүмкіндіктері туралы ақпаратты академиялық қарыздары бар білім алушыларға жеткізуге эдвайзерлер жауапты.

4.8 3 данада құрастырылған ЖОЖ-ға білім алушының қолы қойылып, келісімге эдвайзерге беріледі.

4.9 Ескерту болмаған жағдайда эдвайзер ЖОЖ-ға қол қойып, офис регистратордың келісіміне ұсынады.


4.10 Факультет деканы бекіткеннен кейін бір данасы білім алушыда қалады, екінші данасын аттестациялау үрдісінде пайдалану үшін эдвайзер офис регистраторға өткізеді, ал үшінші данасы эдвайзерде сақталып, білім алушының оқу жоспарын орындауын бақылауды жүзеге асыру үшін негіз болады.

4.11 ЖОЖ-ды офис тіркеу бөліміне өткізудің соңғы мерзімі - семестрдің бірінші аптасы.

4.12 Білім алушылардың жеке оқу жоспарлары негізінде кафедралар оқу жұмыс жоспарларын құрастырып, оқу-әдістемелік кеңестің ұсынысы бойынша университеттің Ғылыми кеңесінде бекітеді.

4.13 Білім алушы ЖОЖ-ды Академиялық күнтізбеде көрсетілгендей теориялық оқытудың басталуына дейін мамандық бойынша жұмыс оқу жоспарының шегінде қайта тіркелу кезеңінде немесе Нұсқау апталығы кезеңінде өзгерте алады.

4.14 Халықаралық алмасу білім бағдарламалары бойынша немесе академиялық ұтқырлық шеңберінде Шымкент университетінің серіктестік бағдарламалары бойынша шетелдік ЖОО-да білім алып жатқан студенттер, магистранттар университет мамандығының бекітілген оқу жұмыс жоспарына сәйкес пәндер бойынша шетелде оқыған кезеңдегі жинаған кредиттері қайта есептеледі.

	<b>Шымкент университеті</b>	
	<b>Сапа менеджмент жүйесі</b> <b>Эдвайзер туралы ереже</b>	беті. 6 из 8

4.15 Кредиттерді қайта есептеу үшін маман даярлаушы кафедра шетелдік ЖОО-да оқылған пәндердің мазмұнының Шымкент университетінің жоспарындағы пәндерге сәйкестігін анықтайды.

### **5 СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР**

5.1 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген «Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»

5.2 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітіліп, 2018 жылғы 12 қазандағы № 563 бұйрығымен өзгерістер енгізілген «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидалары»

5.3 Университеттің Академиялық Саясаты.



А қосымшасы  
Танысу парағы

Лауазымы	Т.А.Ж.	Күні	Қолы
маг. оқытушы	Салмұқов М.Р.	27.10.23	[Signature]
а.ш.ғ.к., ата оқ.	Минина Р.Ж.	27.10.23	[Signature]
маг. ата оқытушы	Аманбаева Р.Б.	27.10.23	[Signature]
б.ғ.к. ата оқытушы	Айтбаев Н.С.	27.10.23	[Signature]
ата оқытушы	Абдрахманова А.	27.10.23	[Signature]
маг. оқытушы	Тадар Т.Т.	27.10.23	[Signature]
магистратура оқытушы	Ведущий А.И.	27.10.23	[Signature]
ата оқ., магистр	Салмұқов С.	27.10.23	[Signature]
ата оқытушы, магистр	Аманбаева Т.Т.	27.10.23	[Signature]
маг. ата оқытушы	Аманбаева К.М.	27.10.23	[Signature]
маг. ата оқытушы	Ахметов А.А.	27.10.23	[Signature]
маг. ата оқытушы	Билекова З.А.	27.10.23	[Signature]
маг. ата оқытушы	Жантурсева С.Ж.	27.10.23	[Signature]
маг. ата оқытушы	Журлобай Т.С.	27.10.23	[Signature]
маг. оқытушы	Тармаханова К.И.	27.10.23	[Signature]
маг. оқытушы	Молжанова Н.А.	27.10.23	[Signature]
ата оқытушы	Алимов Б.И.	27.10.23	[Signature]
маг. оқытушы	Журсулманова Ф.	27.10.23	[Signature]
ф.ғ.к., ата оқытушы	Керимбаева С.С.	27.10.23	[Signature]
ата оқытушы	Жайтенова А.А.	27.10.23	[Signature]
маг. ата оқытушы	Оспанова Т.К.	27.10.23	[Signature]
маг. оқытушы	Аманбаева Д.Б.	27.10.23	[Signature]
маг. оқытушы	Екеев Ф.А.	27.10.23	[Signature]
ата оқытушы	Айтбаев С.	27.10.23	[Signature]
маг. ата оқытушы	Серимбетов Н.Ш.	27.10.23	[Signature]

